

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 254 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 99 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 сәуірде № 22565 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 307-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 04.07.2025 № 307-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 13) тармақшасына, "Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 810 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 254 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21214 болып тіркелген, 2020 жылғы 21 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа:

1) 1-қосымшаға сәйкес "Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) 2-қосымшаға сәйкес "М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

- 3) 3-қосымшаға сәйкес "М. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 4) 4-қосымшаға сәйкес "Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 5) 5-қосымшаға сәйкес "Н. Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 6) 6-қосымшаға сәйкес "Республикалық мемлекеттік корей музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 7) 7-қосымшаға сәйкес "Құдыс Қожамиров атындағы республикалық мемлекеттік ұйғыр музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 8) 8-қосымшаға сәйкес "Республикалық неміс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 9) 9-қосымшаға сәйкес "Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 10) 10-қосымшаға сәйкес "Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 11) 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 12) 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 13) 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 14) 14-қосымшаға сәйкес "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 15) 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 16) 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 17) 17-қосымшаға сәйкес "Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 18) 18-қосымшаға сәйкес "Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 19) 19-қосымшаға сәйкес "Мәдениеттерді жақындастыру орталығы" мемлекеттік музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

20) 20-қосымшаға сәйкес "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

21) 21-қосымшаға сәйкес "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

22) 22-қосымшаға сәйкес "Есік" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

23) 23-қосымшаға сәйкес "Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

24) 24-қосымшаға сәйкес "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

25) 25-қосымшаға сәйкес "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

26) 26-қосымшаға сәйкес "Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық- музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

27) 27-қосымшаға сәйкес "Ежелгі Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

28) 28-қосымшаға сәйкес "Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

29) 29-қосымшаға сәйкес "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

30) 30-қосымшаға сәйкес "Ботай" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

31) 31-қосымшаға сәйкес "Бозоқ" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

32) 32-қосымшаға сәйкес "П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

33) 33-қосымшаға сәйкес "Ж. Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

34) 34-қосымшаға сәйкес "А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

35) 35-қосымшаға сәйкес "О. Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

36) 36-қосымшаға сәйкес "Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгіленсін.";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 36-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Г. Абдрахимов

2021 жылғы 16 сәуірдегі

№ 99 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі

2020 жылғы 15 қыркүйектегі

№ 254 бұйрығына

36-қосымша

"Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өндіретін және сататын тауарларға
(жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар

Р/с №	Тауар (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің теңгеге шаққандағы құны
1	Ағымдағы репертуардың үлкен залдағы спектакльдеріне кіру билеті:	1 билет	
1)	партердің 1-2, 8-19 қатарлары		2 000
2)	партердің 3-7 қатарлары		2 500
3)	балконның 20-22 қатарлары		1 000
2	Үлкен залдағы премьералық спектакліне кіру билеті:	1 билет	
1)	партердің 1-7 қатарлары		3000
2)	партердің 8-19 қатарлары		2000

3)	балконның 20-22 қатарлары		1500
3	Кіші (камералық) залда өткізілетін спектакльдер мен балаларға арналған ертегілерге кіру билеті	1 билет	1 000
4	Жаңа жылдық қойылымдарға кіру билеті	1 билет	2500
5	Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша гастрольдік қойылымдарға кіру билеті:	1 билет	
1)	қалалық елді мекендерде		1 000
2)	ауылдық елді мекендерде		700
6	Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша гастрольдік спектакльдерге мектеп жасындағы балаларға (растайтын құжаттарды ұсынған кезде) кіру билеті:	1 билет	
1)	қалалық елді мекендерде		700
2)	ауылдық елді мекендерде		500
7	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін залды (гримерлік бөлмелерін ұсына отырып) ұсыну бойынша қызметтер:	1 іс-шара	
1)	үлкен зал (дүйсенбі)		1 750 000
2)	үлкен зал (сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі)		2 275 000
3)	үлкен зал (жұма, сенбі, жексенбі, мерекелік күн)		3 500 000
8	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін шағын (камералық) залды жабдықтармен (гримерлік бөлмелерін ұсына отырып) ұсыну бойынша қызметтер	1 іс-шара	1 200 000
9	Бірлескен іс-шараларға арналған шағын (камералық) залды жабдықсыз ұсыну бойынша қызметтер	1 іс-шара	1 000 000

10	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін залды жабдықтармен ұсыну бойынша қызметтер:	1 сағат	
1)	үлкен зал		450 000
2)	шағын (камералық) зал		200 000
11	Сахналық және қойылымдық іс-шараларды (спектакль, фестиваль, шығармашылық кеш) бірлесіп өткізу бойынша қызметтері, ұзақтығы:	1 іс-шара	100 000
1)	1 сағат		100 000
2)	2-6 сағат		500 000
12	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін фойені ұсыну бойынша қызметтер:	1 іс-шара	
1)	1 күнтізбелік күн		1155000
2)	2-6 сағат		500 000
13	Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін дайындық залын ұсыну бойынша қызметтер	1 сағат	10 000
14	"Актерлік шеберлік" дайындық курсы (курстың ұзақтығы - 1 сағаттан 8 сабақ)	1 тыңдаушы	15 000

Ескерту:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 29 шілдедегі № 259 "Мемлекеттік мәдениет ұйымдары өткізетін мәдени мәдени-ойын-сауық іс-шараларына мүгедектердің қол жеткізуін қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11964 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес бірінші және екінші топ мүгедектері мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балалар көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражаты есебінен қолданады, ал үшінші топ мүгедектері көрсетілетін қызметтердің – 50 пайызын төлейді.